

Г.М.Сыздықова¹, Д.К.Жарымбетова²¹Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты;²М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент
(E-mail: gaukhar.syzdykova@mail.ru)

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі отбасылық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер

Мақалада қазақтардың дәстүрлі мәдениетіндегі кейбір отбасылық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге талдау жасалды, олардың отбасылық қатынастардағы орны анықталды. Қазақ отбасында баланың дүниеге келіп, ержеткенге дейінгі аралықтағы оған қатысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер талданды. Авторлар қазір ұмытылған «жарыс қазан», «құрсақ шашу», «қызды оң жаққа шығару» сияқты дәстүрлерді жан-жақты қарастырды. Одан әрі қазақтардағы көне салт-дәстүрінің бірі — жерлеу салты зерттеліп, жерлеу әдет-ғұрпы аралас болатындығы, яғни онда исламдық та, тәңірлік те әдет-ғұрыптар кездесетіндігіне, назар аударылады.

Кілт сөздер: отбасылық әдет-ғұрыптар, үйлену, бойтұмар, құрсақ шашу, қызды оң жаққа шығару, жарыс қазан, кіндік шеше, шілдеханна, бесікке салу, ат қою, қырқынан шығару, сүндеттеу, жерлеу салты, тұлдау, еске алу.

Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, көнеден бастау алатын сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі әдет-ғұрыптары бар. Олардың ішіндегі ең өміршеңі отбасылық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар болып отыр. Өзінің ұзақ тарихында кең даланың тұрғындары баланың дүниеге келіп, ержетуіне, қонақ күту, тұрмыстағы әр түрлі ғұрыптарға және адамның үйленуі мен қайтыс болуына байланысты отбасылық өмірдің тұтас бір ритуалдық жүйесін құра алды. Біздің мақсатымыз — осы тұтас ритуалдар ішінен бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтпай, негізінен берік және толық сақталып отырған баланың туылуы мен тәрбиесіне және жерлеуге қатысты отбасылық ғұрыптарды қарастыру.

Атам қазақ «Балалы үй — базар, баласыз үй — ку мазар» деп айтқандай, қазақ әйелдерінің тұрмысқа шыққан соңғы басты міндеті көп баланы дүниеге әкелу болып табылды. Әйелдің бедеулігі өзі мен ері үшін үлкен бақытсыздық саналды. Сондықтан қазақ халқы әйелдің қалыңдық болып, оң босағадан аттап шыққан кезінен бастап, барлық маңызды кезеңде оны, ең алдымен, болашақ баласыздықтан сақтау үшін көзден, тіл-сұқтан, зиянкестен қорғау шараларын қарастырған. Олардың қатарына қызды үйінен басынан тұз айналдырып шығару, қалыңдық қайын атасының үйіне алғаш кіргенде отпен аластау, бөстекке отырғызу және оның бет-жүзін бүркемелеп ешкімге көрсетпеу жатады. Сонымен бірге үйлену тойы барысында ырыммен бедеу, айықпас ауруы бар, кесапат саналатын әйелдер маңызды істерге араластырылмайды. Этнограф-ғалым Р.Снесарев атап көрсеткендей, «бедеуліктен құтылудың жолы оны екінші әйелге өткізу» [1]. Үйленуге байланысты көптеген әдет-ғұрыптарды өсіп-өнген, балалы-шағалы әйелдердің атқаруы осындай сенімге байланысты келіп шыққан.

Қазақ мәдениетінде аяғы ауырлаған келінге, бір жағынан, қамқорлық жасалғанымен, екінші жағынан, ол барлық үй шаруасын көп жағдайларда ауыр жұмыстармен қосып атқаруын жалғастыра берген. И.Ибрагимовтың көрсетуінше, «қазақтарда жүкті әйел тіпті өзінің жүктілігінің соңғы күніне дейін жұмысын жалғастыра береді. Мықты дене бітімінің болуы және нәзіктіліктің жоқтығы көптеген жағдайда қазақ әйелдеріне барлық ауыртпалықты көтеруге көмектеседі, бірақ кей жағдайларда әйел қатты жапа шегіп, үй жұмыстарын орындай алмайтын халге жетіп, ұстамалы ауруларға да ұшырайды» [2; 17]. Дегенмен келінге қаталдау қараған қазақ халқында аяғы ауыр әйелге көрсетілетін қамқорлық түрлері де аз болған жоқ. Ең алдымен, әйелдің жерік асына деген сұранысы толық орындалатын және іштегі балаға зиян келмесін деген оймен кейбір астарды пайдаланудан, мысалы, түйе етінен бас тартқызатын. Себебі, түйе етін жеген әйелдің толғағы уақтылы болмай, босану уақтысынан созылып кетуі мүмкін. Аяғы ауыр әйелдің өзін күн батқан соң жалғыз түнде сыртқа шығармаған, адамы жаңа қайтыс болған үйлерге жібермеген, оны шошып қалудан және шайпау мінезді, баласыз әйелдерден аулақ жүргізген, шаштарын қидырмаған. Көз, тіл-сұқтан аман жүрсін деп бойтұмар жасап берген. Бұның барлығы да болашақ сау баланың дүниеге келуі мен оның анасының денінің саулығы үшін жасалатын сақтық шаралары еді. Енесі келіннің аяғы ауыр екенін

сезе салысымен, қуанып ауыл әйелдері арасында «құрсақ шашу» тойын өткізетін. Оған келген әйелдер жас келінге бата-тілектер арнап, кішігірім сыйлықтар тапсырды.

Толғақ басталған заматтан тәжірибелі жасы үлкен ауыл әйелі шақыртылып, босануға көмектескен. Арнайы ырымдар жасалып, толғақ жеңіл болсын деген ниетпен түйюлі тұрған заттың барлығы шешіледі. Енесі жылы-жұмсағын салып, «жарыс қазан» асуға кіріседі, бұл шаралардың мәні «әбдіре ашылғандай, тең шешілгендей, түйін тарқатылғандай, шай қайнатымда, сүт пісірімде, ет піскенше, жарыс қазанмен бірге жарыса тез босансын» деген ниеттен туған ырымдар» [3]. Жалпы қазақ әйелдерінде толғақ жеңіл өткен, баланың туғанда шетінеуі аз кездескен, бұл туралы қазақ даласын зерттеген этнограф-дәрігер И.Колбасенко: «Қазақ әйелдері толғағының жеңіл өту себептерін тұрмыс-тіршіліктің жалпы гигиеналық жағдайларымен қатар, қазақ балаларының (қыздардың да) салт атқа ерте мініп, қыз-келіншектердің де ер азаматтар секілді көбінесе ертоқымсыз жүре беретіндігімен түсіндіруге болады. Осының бәрі ұрпақтан ұрпаққа қарай адам бөксесінің үйлесімділігін өзгертіп, ақыры осы айрықша ерекшелік бала туудың жеңілдеу өтуіне себепкер болса керек» деп жазып қалдырған [4].

Баланың кіндігін кескен әйел «кіндік шеше» аталады. Қазақтар кіндік шеше таңдауға үлкен мән берген, сенім бойынша жаңа туылған баланың мінез-құлқы кіндік шешесіне тартып кететін болған. Кіндік шеше бір жыл өткенде балаға көйлек кигізеді және дәстүр бойынша ата-анасынан қалаған нәрсесін сұрап ала алады. Бұл салт «қалау» деп аталады. Жаңа туған әйелдің белі тез бекісін деп белін тартып байлап, төсекке жатқызған, үйді жылы ұстап, бар күтімін жасаған. Қазақтардың түсінігі бойынша, туған әйел «лас, таза емес» деп есептелгендіктен, баланы бірінші рет басқа әйел емізді. Үш күн өткен соң әйел қайнатқан сумен жуынып, тазаланады, содан кейін ғана ол таза саналып, бұрынғысынша тамақ дайындауға араласып, тіршілікке араласа бастады.

Босанған әйел әл-қуат жинап, белі тез бекуі үшін оған арнайы мал сойылды, қалжа берілді. Сойылған қойдың мойын омыртқасынан жас әйелдерге ауыз тигізіп, таза мүжілген омыртқаның өзін жоғары жерге іліп қояды, оның мәні нәрестені мойны тез бекісін дегенді білдіреді.

Қазақ халқында дүниеге келген жас нәрестенің құрметіне жасалатын рәсімдер, салт-дәстүрлер мен ойын-тойлар өте көп болып келеді. Соның бастамасы жарыс қазаннан кейінгі өткізілетін шілдехана саналады, оны кейде шілде күзету деп те атайды. Қазақтардың жас босанған әйелді жын-перілер жағалағыш болады, сондықтан оны алғашқы түндері олардан күзету керек деген түсінігінен пайда болған бұл салт бойынша жастар үш түн өлең айтып, ойын-сауық құрған. Келе ол өңін өзгертіп, жас нәрестенің дүниеге келуіне байланысты өткізілетін тойға айналып кеткен.

Қазақ халқының жаңа туылған бөпеге ат қою дәстүрінен халықтың ұлттық ерекшелігін, таным-түсінінігін, ой-арманын айқын байқауға болады. Балаға атты ата-әжесі, міндетті түрде ол үлкен немере болғанда, құрметті қариялар, кейде «Қырықтың бірі — қыдыр» деп рәсімнің үстіне түсіп қалған қонақ та қойған. Балаға көз тимесін деп Итбай, Күшікбай деп, дәулетті болсын деп Байбол, Қойбағар, күшті де батыр болсын деп Арыстан, Жолбарыс, Аюбай деп, қыз балаға сұлу болсын деп Ажар, Әсем деп, талап, тілек-мақсатқа орай басқа түрлі аттар қойып отырған. Кейін келе балаға ислам дінінің ықпалымен мұсылманша ат беру жиі кездесетін болды және ат қою рәсімі шариятқа сай өткізілді, «жас нәрестеге ат беру үшін молданы шақырады. Әдетте қазақтар балаға қайтыс болған ата-анасының немесе туысқанының, атап айтқанда, молшылықпен өмір сүрген және батылдығымен, шабондоздығымен ерекшеленген адамдардың есімдері берілген. Соңғы уақыттарда қазақтардың арасында молдалардың шапағатымен қазақтарға жат болып келген пайғамбарлардың, қасиетті мұсылман аттарын қою жиі кездеседі» деп хабарлайды өткен ғасырлық деректер [2; 19].

Баланың кіндігі түсіп жазылуына байланысты, бір жеті ішінде оны бесікке салу рәсімі өткізіледі. Бұл жағдайда ерекше салтанат не той болмайды, кішігірім бесік той деп аталатын мереке ұйымдастырылады. Оған негізінен ауылдағы абысын-ажын, сыйлы әжелер мен апалар, келіндер шақырылады. Баланы бесікке салу сыйлы, парасатты әйелге сеніп тапсырылады, ол отырған бала-шаға, ауыл әйелдеріне түбек тесігінен өткізілген тәттілерді таратады. Бұл тәттілер «тыштыма» деп аталады. Баланы бесікке салар алдында оны міндетті түрде отпен аластап тазалайды, бесікке баланы жын-шайтаннан, тіл-сұқтан, шошынудан қорғайтын тұмар, тағы басқа түрлі қорғаушы заттар тағады. Бесіктің көшпелі қазақ өмірі үшін ықшамдылығын, тазалығын, баланы түрлі тері ауруларынан оңтайлы қорғайтынын қазақтар өмірін зерттеген орыс дәрігерлері де мойындаған [5].

Қырық күн өткен кезде баланы қырқынан шығару рәсімін жасайды. Ұл баланы 37 не 39 күнде, ал қыз баланы қырық күннен сәл асырып қырқынан шығарған. Бұл рәсімнің мәні қырық күн өткен соң нәрестенің мойны қатайды, қатерлі күндер артта қалды деген халық түсінігіне байланысты шыққан.

Тіпті, қырық күн өткенше «сүт тырнақ» пен «қарын шаш» та алынбады. Қалыптасқан ырым бойынша еркек адам баланың қарын шашын алады, өсіп-өнген әйелдің бірі «30 омыртқа жылдам бекісін, 40 қабырға жылдам қатсын» деген сөздерді айта отырып, баланың үстінен 40 қасық су құйып шомылдырады. Бала шомылған ыдысқа 40 құмалақ тас, сақина, жүзік сияқты заттар салған.

Бала қырқынан шыққан соң-ақ жақын адамдарын, әсіресе әке-шешесін бірден танитын болады. 6–7 айда бала отыратын болса, 8–10 айда еңбектей бастайды, ал 11–12 ай шамасында қаз тұрып жүре бастайды. Осы тұста «тұсау кесу» салт-дәстүрі орындалады. Оның мәнін зерттеушілер «Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, оны аяғын жылдам басатын әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолына ұстап тез жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушінің кәдесін береді» деп түсіндіреді [6].

Бала одан әрі өсіп, атқа отыруға жарағанда, әке-шеше оны да үлкен қуаныш көріп, атаусыз қалдырмаған. Балаға арнайы ат, ертоқым дайындап «атқа отырғызу» деп аталатын кішігірім мереке жасайды. Оған баланың нағашылары, ағайын-туыс, жекжат шақырса келіп, нағашысы ат мінгізіп жатса, қалғандары қамшы, садақ, жалпы ер заттарын сыйға тартқан. Балаға атпен келіп, қарияларға сәлем жасатады, ал, әйелдер жағы оған шашу шашып, тілектерін білдіреді.

Қазақ даласында ерекше сән-салтанатымен ерекше аталып өтетін, өзіндік жоралғылары бар балаға қатысты үлкен тойдың бірі — сүндет тойы. Өткен ғасырларда бұндай тойдың куәгерінің бірі былай деп жазып қалдырған: «1 маусымда бұрынғы болыс Ермұқамет Мендікұлов 8 жастағы Ермаулет атты ұлын» сүндетке отырғызуына байланысты» той өткізді. Тойдан 5 күн бұрын бүкіл болысқа хабаршы жіберіліп, той қонақтары шақырылды. Той алдында үлкен дайындық жүргізілді: қонақтарға арналған 17 киіз үй тігілді, киіз үйді әр рудың алатын орнына қарай орналастырды, пісірілген ет қойылатын екі киіз үй тігілді, барлығы 8 бас жылқы мен 30 қой сойылған. Тойға барлығы алты жүзден астам адам қатысты» [7]. Қалыптасқан дәстүр бойынша баланы 5, 7 немесе 9 жасында, сирек бұдан үлкен жасында сүндетке отырғызады. Қазақтар баланы ертерек сүндеттегенді дұрыс көрген, өйткені сүндеттеу кезінде ауырсыну аз болып, тез жазылады деп есептеген. Сүндетке негізінен жаз айының аяғы не күздің басы таңдалып алынды, өйткені ыстық та, суық та балаға зиян тигізбесін деп ойлаған. Сүндеттеу рәсімін қожалар атқарған, баланың әкесі оған ат мінгізген. Тойға жиналғандар баланы мұсылман болғандығымен ғана емес, ержетіп азамат болуымен де құттықтаған. 9–10 жастағы бала сүндеттелгеннен кейін оны ержетті деп, қалыңдық айттыра берген. Сүндет тойы тай, құнан шаптыру, балалар арасында күрес ұйымдастырып, шашу шашу, балаға көрімдік беру сияқты әдет-ғұрыптармен қызықты өткізілген.

Бақытсыздықтың ең ауыры баласыздық деп санаған қазақтар баласынан ешнәрсе аямаған. Оның туылғанынан бастап ержеткенге дейінгі аралықта оның әрбір маңызды қадамын құтқа балап, қуанышын ел-жұртымен осылайша бөлісіп отырған. Қазақтың аса балажан екендігіне тәнті болған өзге ұлт авторлары: «Әке-шешелері балаларын айрықша жақсы көріп, мәпелеп өсіреді, ешқашан ұрмайды» [8], «Балаларына деген сүйіспеншілігі жағынан әке-шеше бірінен-бірі кем түспейді» [9], «Қазақтар арасында шамалы уақыт болған адам олардың балажандығын білер еді» [10] деген сияқты сүйсіну лебіздерін қалдырған.

Қазақ халқында он жастан асқан баланы еңбекке араластырып, қозы бақтырған, сондықтан бұл жастан бала үшін — «қозы жасы» басталған, ал он беске толған ұлды қойдың артына салғандықтан, ол жастан «қой жасы» басталған, ал, жиырма бестен ары «жылқы жасы» басталған. Қазақ халқы осылайша балаларын жастайынан мал тануға үйретіп, шаруаның әр түріне баули білген. Ұл балаларды түз жұмысын атқаруға тәрбиелесе, шешелері қыз баланы кішкентайынан үй шаруасына баулыған. Тігу, тоқу, тамақ пісірудің бәрін үйретіп, он екіге толғанда қыз балаға үйдің оң босағасынан орын беріп, оның көрпе төсегін көлегейлеп шымылдық ілетін болған. Бұл дәстүр халқымызда «қызын оң жаққа шығару» деп аталады. Ал, шымылдық ішіндегі қыз үйі «қосаға», пердесі «көсеге» делінеді. Кейін қыз күйеуге шыққанда жасауымен бірге осы көсегені алып кетеді, қазақ халқындағы «көсегең көгерсін» деген тілек осы салтқа байланысты айтылса керек. Сонымен бірге қыздарын болашақ тұрмысқа үйренсін деп, ұзатылуға 6 ай қалғанда оған жеке отау тігіп бөлек шығарады. Ол отау –доғалан деп аталған. Онда қыз өзі жеке қонақ қабылдап, барлық үй шаруасын атқарумен айналысады. Бұның бәрі «шама келгенше, өнерге, еңбекке, білімге, адамгершілікке, керек болған жағдайда, ел қорғауға дағдылануға байланысты қамқорлықтар деуге болады. Осы ізгі мақсат, асыл арманға байланысты «ұлың ержетсе, ұлы қылықтымен, қызың бойжетсе, қызы қылықтымен

ауылдас бол» деген мақал қалыптасқан. Мұның өзі олардың балаға, оның тәрбиесіне көп көңіл бөлетіндігінің айғағы екендігі шынайы шындық» [11; 85].

«Өмір бар жерде, өлім бар» деген атам қазақтың тарихымен күні бүгінгі дейін сол қалпында сақталып келе жатқан көне салт-дәстүрінің бірі — жерлеу салты. Қазақтың жерлеу әдет-ғұрпы аралас болды, онда исламдық та, тәңірлік те әдет-ғұрыптар кездесті. Қайтыс болар адамның соңғы сағаттарында жанында жақын туыстары мен ағайындары болды. Дәм-тұзының таусыларын сезген адам қара шаңырақты тиісті иесіне табыстап, өзін қай жерге жерлеуді, сүйегіне кімдер түсетініне дейін айтып кетеді. Деректердің хабарлауынша, «қарттардың қайсібірі өмірінің соңғы жылдарында о дүниеге кетуге дайындығын бастап, кебіні мен ортақ малдан қанша мал шығындайтынын алдын ала белгілеп қояды. Алайда қазақтардың көпшілігі өлімнің жақындап қалғанын сезген жағдайда өзіне бөлінетін ысқат малы жайында айтып кетеді. Ысқат малы — бұл қайтыс болған адамның ораза ұстау мен мінәжат етуінде жіберген кемшіліктерін өтеу үшін шалынатын құрбандық мал» [12; 290].

Қазақтар кейде қайтыс болар адам жақын бір адамын қимай «күтіп жатады», оны көріп араздасқаннан соң жаны қиналмай үзіледі деген сеніммен науқастың халі нашарлағаннан, тез арада ең жақын деген туыстарын шақыртады. Кісі жантәсілім етер алдында «иманы өзімен бірге болсын» деген мақсатпен «имансуды ұрттады. Дұға оқиды, тілін кәлимаға келтіреді. Науқас үзіле бергенде әйелдер жағы айғайлап дауыс шығарады, оған дейін жылауға тыйым салынады. Басында отырған молда, ақсақалдар иман тілеп, көзін жауып, жағын таңып, ақпен бетін жабады. Сосын марқұмның денесі үйдің оң жағына құрылған шымылдық ішіне шығарылады, астына шөп төселеді. Үстіндегі киімдері шешіліп, үстін шүберек матамен жабады. Осыдан кейін өлікке қарауға, жамылғысын қозғауға рұқсат етілмейді. Қазақ салтында өлік қойылған жерде қырық күнге дейін шырақ жағылады, өйткені қазақтардың сенімі бойынша оның жаны сол жерде жүреді. Мәйіт жерге тапсырылғанша жеке қалдырылмайды, ауыл адамдары кезектесіп, шырақ жағып, көз ілмей әңгімемен сол жерде отырады.

Қаралы хабар тез тарап, естіген дүйім жұрт көңіл айтуға және жаназаға қатысу үшін қаралы үйге келіп, көрісу ырымын жасайды. Ертеректе өлген адамның әйелі, қыздары, қарындастары шаштарын жайып жіберіп, бүйірлерін таянып, дауыс шығарып жоқтау айтатын. Кейде марқұмның әйелі бетін тырнап, қанатып жіберетін. Бұл қазақ халқында «бет жырту» деп аталатын. Бұл оның өлген еріне жұрт алдында «сенің артыңда қалып бара жатқан мен бейбаққа сән-салтанаттың да, көріктің де керегі не» деген анты іспеттес әдет болатын [11; 91]. Қаралы ауылда ойын-сауық той-думан өткізілмейді. Ы.Алтынсарин «Өлген адамды қазақтар әдетте үш-төрт сағаттан артық, ал көп дегенде жарты тәуліктен артық сақтамайды» дейді [13]. Өлім хабарын естіп, ет-бауыр туыстар, жаназаға шақырылған адамдардың бас-аяғы түгенделе салысымен «сүйекке түсу» мәселесі сөз болады. Бұрын сүйекке әр рудың өкілдерінен бір-бір адам кіретін, ал, қайтыс болған адам сүйегіне кімді кіргізу туралы алдын ала айтып кетсе, оның тілегі міндетті түрде орындалды. Адамдар сүйекші болып хабарланғаннан кейін бәрі бірден өліктің жанына жиналады. Өлікті кейде сүйекшілер емес, туысқандарының ішінен ниет білдіргендер жуады. Сүйекті қалыптасқан дәстүр бойынша 5 адам жуындырады. Біреуі су құйып тұрса, екіншісі молданың көрсетуімен дене бөліктерін жуады, ал қалғандары денені ұстап, аударып тұруға көмектеседі. Әйелді тек әйелдер жуындырады. Өлікті қолмен жумайды, таза қолғап киіп жуындырады. Жуындыру аяқталған соң, өлікті ақ матаға орайды, ол «кебін» немесе «ақірет» киімі деп аталады. Дәстүр бойынша ер адамдарға кебінді үш қабаттан кигізеді. Ал, «әйелдердің жағдайы аздап басқаша. Ер адамдарда үш қабат кебіннен кеудесі көрінсе — бұл ештеңе емес, ал әйелдер үшін бұл күнә. Негізінен әйелдердің бүкіл денесі, бетінен басқа және қолдың буындары арабша гоурат, немесе әбүйір. Әбүйірді ашу ұят, күнә. Сондықтан да әйелдердің кебіні еркектердікіндей 3 қабаттан емес, 5 қабаттан тұрады [12; 296]. Сүйекке түскен адамдарға марқұмның киім-кешегін тарқатып береді, қазіргі күндерде жаңа киім қою дәстүрге айналып отыр. Денені «арулаған «жерді жиыстырып, тазалайды, үстіне тас не топырақ үйіп белгі жасайды, ол жерді біраз уақытқа дейін ешкім баспау керек. Егер жазатайым біреу басса, ол адам ауруға ұшырайды деген сенім бар.

Таза арулап жуылып, кебінге оралған соң қайтыс болған адамды күнәсінен тазарту, немесе пидия, деп аталатын әдет-ғұрып басталады. Бұл бойынша ысқат оқылып, адамның тіршілікте жасаған күнәсі басқа, тірі адамға аударылады. Халық арасында бұны «дәуір айналдыру» деп те атайды. Ол үшін молда қолына ала жіп ұстап өліктің бір жағына отырса, ар жағында өлген адамның дәулетіне қарай ысқатқа шығарған мал басына қарай ең кедей деген адамдар отырады. Молда дұғасын оқып, үш рет «Пәленшенің жасаған күнәсін жууы ретінде бұл малды қабыл етесің бе?» деген кезде, ала жіптің

екінші ұшын ұстаған адам үш рет «аламын» деп жауап қайтарады. Бұл әрекет барлық підияшылар үшін қайталанатын. Деректердің хабарлауынша, «өлген адамның өсиеті бойынша қалдырылған барлық ысқат малы 3 бөлікке бөлінетіні енді түсінікті: бір бөлігін молда алады, екіншісі — рубасыларына берілетін атаулы сыйы, үшінші бөлікті «дәуір айналдыруға» қатысқан підияшыларға береді» [12; 297]. Бұдан соң арулаған денені кілемге орап, бас жағын алға ұстап, сыртқа алып шығып, таза биіктеу жерге қояды. Өліктің үстіне тоғыз қабат, қымбат таза маталар, кілем жабады, оны кейін молдалар, қабір қазғандар мен сүйекшілер алған. Азаға жиналған еркектер жағы жаназаға тұрады, жаназаны қожа–молдалар шығарады. Осыдан кейін өлікті жерлеуге алып кетеді. Өлікті үйден шығарарда әйелдер жағы қатты дауыс көтеріп, жоқтау айтады. Қазақтардың жоқтау салтын орыс авторлары былай деп сипаттап жазған: «Кәділгі әнге ұқсас бұл жылау қырық күн бойы үш дүркін және әрі қарай бір жылға дейін бір реттен болады. Жылап-жоқтап тұрған қазақ әйелін түсіну мүмкін болмаса да, марқұмның тірі кезін есіне алып, орны толмас қайғыдан қасірет шеккенін аңғару қиын емес. Ер азаматтар «жырлауға» қатыспайды, оңтүстікке қарап жартылай шеңбер құрып отырған әйелдердің артқы жағында тізерлеп отырған олар өлгендер естімейтінін, қайтып тірілмейтінін айтып жұбатумен болады» [14]. Әйелдер бейіт басына бармайды. Бейіт ауылдың маңында, су шайып кетпес үшін биіктеу жерде болады. Негізінен «қазақтардың бейіті — тастар үйіндісі, ал обалар қазақ халқының әдет-ғұрпына сай емес топырақ үйінділері» делінеді деректерде [15]. Қазақстанның әр аймағында қабірдің қазылуы, үйінің жасалуы, марқұм денесінің оған орналастырылуы әр түрлі болып келеді. Бірақ қай жерде болмасын, қабірдің басы солтүстікке қаратылып, тереңдігі адам сиярдай болуы керек. Қабірдің бір бүйірінен лақат қазылады, оның биіктігі адам отырған кезде төбесі тимейтіндей болуы керек. Оның қазылу себебі, өлген адамның кеудесін топырақ баспау және уақыт өте келе қабірдің топырағы түсіп кететіндей жағдайда сүйек көрініп қалмас жайын ойлаудан келіп шыққан. Қабірге жақындарынан үш адам түсетін болған, олар мәйіттің аяғына байланған орамалдан басқа жағы мен қолын таңған орамалды шешіп, қабірдің басынан қазылып алынған «бас топырақты» мәйіттің басына жастатады, содан соң үйдің аузын тас, ағаш не кірпішпен мықтап жабады. Осылардың бәрі жасалған соң ғана қабір топырақпен жабылады, жақындары бірінен соң бірі күрек алып топырақты үйеді, бұл жерде қатаң сақталатын ырым күрек қолдан қолға берілмейді, оны тек жерден көтеріп алу керек. Бұдан соң «топырақ» салу рәсімі жасалады, ең жақын адамдары «Жатқан жерің жарық болсын, топырағың торқа болсын» деп қабірге бір уыс топырақ тастайды. Ең соңында құран оқылады, бейіт басына адамның өлгенін көрсететін белгі қойылады. Егер өлген адам еркек болса — найза, әйел болса — бақан не піспек, қыз болса — уық, жас балаға бесік қойылды. Өлген адамның туыстары жылына қарай әрқайсысы дәулетіне сай оның бейітінің басына ескерткіш белгі орнатқан. Қабірдің басын қарайтпау перзенттері мен туыстарға ар, күнә саналған. Негізінен төрт құлақты не күмбез бейіттер тұрғызылған, оны тұрғызған кезде ағайын-жекжатты жиып, құран оқытып атап өткен. Жалпы, қазақтар жылы өткенге дейін қаза тапқан адамын аза тұтатын, егер өлген адам орта жаста болса, оның әйелі мен қыздары қара түсті орамал таққан, ал жасы 20–25-те болса, онда әйелі қызыл орамал тартқан, бұл «жас жігіт» деп аталды [16]. Ал, жасы келіп қайтыс болған кісінің әйелі ақ орамал тартты, ол туралы қазақтар күйеуі кәрі, сондықтан басына қара салмады дейтін.

Қазақтарда ер адамның өліміне қатысты «тұлдау» дәстүрі болған. Ол бойынша ертеде қаза болған адамның бейнесін жасап, киім кигізіп үй ішіне жансыз қуыршақ етіп отырғызып қоятын [17]. Оған қарап жары қырық күнге дейін жоқтау айтқан. Қайтыс болған адамның заттарын тұлдауға қатысты қалыптасқан ұстанымдар бар, мысалы, жасы жетіп, ақ өліммен өлді делінген қарияның мінген аты тұлданған, орта жастағылардың қару-жарағы, ер-тұрманы, киім-кешегі, мінген аты, әйелі, яғни оның меншігі саналғанның бәрі, тұлданған. Осыған орай тілімізде «тұл үй», «тұл отау», «тұл қатын», «тұл ата», «тұл киім», т.б. атаулар қалыптасқан.

Қазақ халқы қайтыс болған адамдарын аруақ санатына енгізіп, оларды барынша құрметтеп, «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деп оларды жиі еске алу мақсатымен: үшін, жетісін, қырқын, жылын берген. Ал, жасы пайғамбар жасынан асып қайтыс болған адамдарға, жылы өткен соң, әсіресе ол адам бақуатты, атақты болса, перзенттері ас беріп, той сияқты етіп өткізген. Мысалы, осындай астың біріне қатысқан суретші-этнограф В.Плотников: «Құрбандыққа ірі қара мал сойылып, шақырылған қонақтарға табақ тартылатын, ойын-сауық өткізілетін бұл ғұрып қайғылы рәсімнен гөрі, мерекелік сипатқа ие. Қазақтардың барлығы дерлік асты өзінің әл-ауқатына қарай бергенімен де, әсіресе байлар мен аз да болса аты белгілі адамдар бұған өздерінің елеулі дүние-малының елеулі бөлігін жұмсайды десе болады. Олар бос даңқұмарлықтан немесе ескі әдет-ғұрыпқа еліктегендіктен ғана бұл іске мол

каражатын сарп етуге дайын» дей келе, 1860 жылы жасауыл Құламбаевтың әкесінің асына 5000 адам қатысқанын таң қала жазған [18].

Жылы өткен соң да қазақтар қайтыс болған адамдарын ылғи еске алып, бірінші айт күндері бейіт басына барып құран бағыштаса, аруақтар үйден дәмеп келіп тұрады деген сеніммен әр төртінші күні шелпек пісіріп, олардың ризалығы үшін таратады, олардың өз ұрпақтарын желеп-жебеп жүретініне сенеді. Шамасы келгендер жылын өткерген соң да, жылдар өтіп кетсе ел-жұртты жинап, әке-шешесін еске алып ас бере береді. Тек қырық жылдан соң мәйіт топыраққа айналады деп есептеп, қайтыс болған адамды еске алып ел жинамайды. Бұның барлығы — халқымыздың өлген ата-бабаларын еш уақытта ұмытпай, құрмет көрсетулерінің айғағы. Қазақ даласын зерттеген атакты авторлардың бірі И.Кастанье: «..куранный народ, который создал такое разнообразие в типах курганов, питал безграничное уважение к предкам. Заботы, которыми он окружал своих мертвых, достойно нашего восхищения» деген екен [19]. Өкінішке орай, жерлеу әдет-ғұрыптарының ежелден келе жатқан естірту, жоқтау, көңіл айту, аза тұту, еске алу сияқты кейінгі ұрпаққа тәрбиелік мәні бар салттарының кей жақтары көлеңкеленіп, жастар тасбауырлыққа, қатыгездікке, жаны ауырмастыққа бой ұрып отыр. Халқымыздың тәрбиелік мәні бар дәстүрлеріне ізгі ниетпен қарап, оның пайдалыларын дәріптеуден ұтпасак, ұтылмайтынымыз анық.

References

- 1 *Снесарев Г.П.* Реликты домусульманских верований в семейной обрядности у узбеков Хорезма. — М.: Наука, 1969. — С. 81.
- 2 *Ибрагимов И.И.* Қазақ халқының этнографиялық очерктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 416 б.
- 3 *Арғынбаев Х.* Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). — Алматы: Ғылым, 1973. — 88 б.
- 4 *Колбасенко И.С.* Қазақтардың акушерлік маңызы бар кейбір әдет-ғұрыптары мен ырымдары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 88 б.
- 5 *Колбасенко И.С.* Қазақ бесігі, қазақтардың бала күтімі туралы бірер сөз // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 102 б.
- 6 *Кенжеахметұлы С.* Қазақ халқының салт-дәстүрлері. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2005. — 71 б.
- 7 *Капустин Г.* Қостанай уезінің Жетіқара болысы. Корреспонденция. [Сүндет той туралы] // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 112 б.
- 8 *Брем А.* Қазақтардың тұрмыстық және отбасылық өмірі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 84 б.
- 9 *Каруц Р.* Үйлену және неке (Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке» кітабынан, V-тарау) // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 130 б.
- 10 *Диваев Ә.* Қазақтар балаларын қалай жұбатады // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет — ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 127 б.
- 11 *Арғынбаев Х.* Қазақ отбасы: қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек. — Алматы: Қайнар, 1996. — 288 б.
- 12 *Балаубаева-Голяховская А.М.* Ақмола губерниясы қазақтарының жерлеу салты // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 416 б.
- 13 *Алтынсарин Ы.* Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 253 б.
- 14 *Сорокин Н.* Дүниеден өтуге байланысты қазақтардың әдет-ғұрпы туралы жазба // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 262 б.
- 15 *Мухин Д.* Қазақ ескерткіштері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 271 б.
- 16 *Диваев Ә.* Ертедегі қазақтардың жерлеу дәстүрі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет — ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 286 б.
- 17 *Шишло Б.П.* Среднеазиатский тул и его сибирские параллели // Домусульманские верования и обряды Средней Азии. — М.: Наука, 1975. — С. 250

18 Плотников В. Орал сырты казактарының тұрмысынан этнографиялық очерк // Қазак халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. — 2-т.: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 257–259-б.

19 Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей. — Оренбург, 1911. — С. 26.

Г.М.Сыздыкова, Д.К.Жарымбетова

Семейные традиции и обычаи в традиционной культуре казахского народа

В статье дается анализ некоторым семейным традициям и обычаям, определяется их место в семейных отношениях в традиционной культуре казахов. Анализируются традиции и обычаи, связанные с рождением и воспитанием ребенка до юношеского периода. Авторы рассматривают забытые традиции «жарыс қазан», «құрсак шашу», «қызды оң жаққа шығару». Далее изучается один из древних обычаев — похоронный обряд, где соединены элементы ислама и тенгрианство.

G.M.Syzdykova, D.K.Zharimbetova

Family traditions and customs in the traditional culture of the Kazakh people

The article analyzes some family traditions and customs, their place in family relationships in the traditional culture of Kazakhs. Analysed the traditions and customs, related to birth and education of child to the youth period. The authors examine the forgotten traditions «zharys kazan», «kursak shashu», «kyzdy oñ zhakka shygaru». Further study is one of the ancient customs — funeral rites where the connected elements of Islam and Tengriism.

References

- 1 Snesev G.P. *Relics of pre-Islamic beliefs in family rites of Khorezm Uzbeks*, Moscow: Nauka, 1969, p. 81.
- 2 Ibragimov I.I. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, 416 p.
- 3 Argynbayev Kh. *Marriage and family at the Kazakh people (etnografical historical essay)*, Almaty: Gylym, 1973, p. 88.
- 4 Kolbasenko I.S. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 88.
- 5 Kolbasenko I.S. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 102.
- 6 Kenjakhmetuli S. *Traditions of the Kazakh people*, Almaty: «Almatykitap» Association of limit liability, 2005, p. 71.
- 7 Kapustin G. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 112.
- 8 Brem A. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 84.
- 9 Karuts R. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 130.
- 10 Divayev A. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 127.
- 11 Argynbayev Kh. *Kazakh family: (scientific work about past and today's life of Kazakh family)*, Almaty: Kainar, 1996, 288 p.
- 12 Balaubayeva-Golyakhovskaya A.M. *Traditions and custom of the Kazakh people*, vol. 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, 416 p.
- 13 Altynsarin I. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 253.
- 14 Sorokin N. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 262.
- 15 Mukhin D. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 271.

16 Divayev A. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 276.

17 Shishlo B.P. *Pre-Islamic beliefs and ceremonies of Middle Asia*, Moscow: Nauka, 1975, p. 250.

18 Plotnikov B. *Traditions and custom of the Kazakh people*, 2: From birth to death (Family ceremonies in works at authors of antiquity) / Originator S.Azhigali, Almaty: Arys, 2006, p. 257–259.

19 Kastanye I.A. *Graveside buildings of Kirghiz steppee*, Orenburg, 1911, p. 26.

Репозиторий Қарғу